

Постепенное внедрение в процесс преподавания психологических дисциплин информационно-коммуникационных технологий с элементами программированного обучения становится возможным благодаря систематическому повышению квалификации в области компьютерных технологий преподавателями кафедры. В частности, в 2014-2015 учебном году преподаватели Назмутдинов Р. А., Бисембаева А. К., Калиниченко О. В. посетили обучающий семинар «Использование мультимедийных технологий в образовательном процессе», организованный на базе Костанайского государственного педагогического института. Полученные навыки работы в программе Snagit 10 расширили представление о возможностях создания видеолекций для студентов дистанционной формы обучения.

Таким образом, одной из важных составляющих педагогической деятельности на сегодняшний день является методическое обеспечение процесса преподавания психологических дисциплин с акцентом на информационно-коммуникационные образовательные технологии. Работа с электронными учебниками, электронными книгами и видеоресурсами способствует развитию у студентов навыков эффективной поисковой деятельности, умения выбирать объективно важное в большом информационном потоке, производить контроль и оценку собственных знаний и своевременно восполнять информационные пробелы.

Список литературы:

1. Борисова Н.В. От традиционного через модульное к дистанционному образованию: учеб. пособие. – М.: Домодедово: ВИПК МВД России, 2001. – 315 с.
2. Федотова Г. А., Игнатъева Е. Ю. Профессионально-ориентированные технологии обучения в высшей школе: учеб. пособие. – Великий Новгород, 2006. – 104 с.
3. Левина М.М. Технологии профессионального педагогического образования: Учеб. пособие. – М.: «Академия», 2001. – 235 с.
4. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учеб. пособие. – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.

Камалова Гүлжанат Мирашовна
Қостанай облысы, Қарабалық ауданы
М.Горький атындағы №1 Қарабалық ауданының
қазақ тілі пәні мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

АННОТАЦИЯ

Өзектілігі:

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін сыни тұрғыдан ойлану әдісін қолдану мәселесін қойып отыр. Сондықтан мен мақаланың өзектілігін былай деп алдым:

- Мектептегі дәстүрлі сабаққа балаларды жалықтыруы;
- Оқушылардың тіл байлықтарының төмендігінен ойларын ашық, жеткілікті түрде жеткізе алмауы;
- Жұппен, топпен жұмыс істей алмауы;

Мақсаты:

- А) Оқушыларды сабақта сыни тұрғыдан ойлауға үйрету жолдарын анықтау;
- В) Әр түрлі қызықты тапсырмалар беру арқылы оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті сабағына деген қызығушылығын, тіл байлығын, ой өрісін, ынтасын дамыту;

Әдісі:

Білімнің тиімділігі мен сапасын оқыту үрдісінде тиімді ұйымдастырумен бірге ақпараттық, зерттеулік, шығармашылық, ізденушілік, синтездік, салыстыру әдістерін қолдандым.

Нәтижесі:

1. Жаңа тақырып бойынша оқушы іздене отырып меңгереді. Мазмұнын айтып береді.
2. Өз-өздерін пағалау парақтары арқылы бағалай алады;
3. Тақырып бойынша Венн диаграмма жасайды.
4. Сыни тұрғысынан ойлана отырып ой қорытып, тұжырымдама жасап, оны қағаз бетіне түсіреді. Постер қорғайды.
5. Мұғалім аз сөйлеп, оқушы өз ойын еркін жеткізеді;

Тұжырымдар: Сыни ойлау – ашық қоғам негізі. Сыни ойлау деген –әр жеке тұлғаның кез – келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, құзіреттілік, сыни ойлау, топтық ұйымшылдық, көшбасшылық.

АННОТАЦИЯ

Актуальность:

Современный этап развития общества ставит перед системой образования проблему процесса обучения в школе использование метода критического мышления. Поэтому актуальность статьи, и так что получил:

- Традиционные жалықтыруы на занятия детей в школе;
- Из-за низкой языковой жизни учащихся богатств, не имеют достаточной;
- В парах, в группах не работают;

Цель:

- А) обучение критическому мышлению на уроке Учащихся; определение путей
- В) различные интересные задания учащихся интерес к уроку казахского языка и литературы, речи, кругозора, развитие мотивации;

Метод:

Эффективности и качества образования в процессе обучения с организацией эффективной информационной, исследовательской, творческой, поисковой, синтеза, сравнения полученных методов.

Результат:

1. Учащихся по новой теме уметь с іздене. Содержание.
2. -Листы могут оценить себя через пағалау;
3. По теме, диаграмма Венн.
4. С точки зрения критического задумываться обобщает мысли, концепции, опускают его на поверхность бумаги. Защищает Постер.
5. Учитель меньше говорит, доводит до сведения учащихся и свободной игры;

Выводы:

Критическое мышление – основа открытого общества. Критическое мышление –в каждой личности, в любой ситуации, придумать вопроса, изучать и обобщать свои мысли, мысли в свободной среде. Критического мышления, самостоятельного, индивидуального мышления.

Ключевые слова: функциональная грамотность, компетентность, критическое мышление, групповая сплоченность, лидерство.

ABSTRACT

Relevance:

In front of the society at the present stage of the development of education in the school system, the learning process is to ask the question of how to think critically. Therefore, the relevance of the article and I said:

- traditional boring to children attend school;
- Due to the abundance of ideas in the language of students, not be sufficient;
- Duets, not work in a group;

Purpose:

- A) students in the classroom to identify ways to teach critical thinking;
- B) through a variety of interesting tasks of students' interest in the Kazakh language and literature class, language proficiency, vision, motivation and development;

Method:

With the organization of the learning process efficiency and quality of education, research, creative, research, synthesis, verification methods used.

Result:

- 1. Jaña pupils learn to look on the topic. Content will tell.*
- 2. will be able to self-assess paғalaw sheets;*
- 3. Taqırıp Venn diagram.*
- 4. generalize the idea of critical thinking in terms of concept, it captures the surface of the paper. Protects the poster.*
- 5. The teacher spoke, the students receive a free game;*

Conclusions:

Critical thinking is the basis of an open society. Critical thinking to think of each individual in case of any problem, to study and to summarize their free alwı.Sinı get into the game thinking, is the kind of thinking.

Keywords: *functional literacy, competence, critical thinking, teamwork, group leadership.*

Бәріміздің бүгінгі таңда алаңдататын мәселе – жас ұрпақтың сапалы білімді игеруі. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Білімді сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» деп айтуының өзінде – үлкен көрегендіктің белгісі көрінетінін байқаймын. Бүгінгі таңда оқыту үдерісі жаңа әдіс – тәсілдерді қолдануды талап етеді. Әр мұғалім өз іс – тәжірибесінде көптеген қиындықтар мен кедергілерді кездестіреді. Біз мұғалімдер заман көшіне ілесуіміз үшін өз білімін жетілдіріп отыруымыз керек. «Мұғалімге арналған нұсқаулықтан» білім берудегі Кембридждік әдістің теориялық негізін оқып, таныса отырып, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері – 7 модульді практикалық түрде қолдану арқылы оның артықшылықтарына көз жеткіздім. Ең алдымен өз іс-тәжірибемде өте тиімді әдіс – сыни тұрғыдан ойлауды дамыту модуліне тоқталғым келеді.

Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында Сын тұрғысынан ойлау технологиясын өз сабақтарымда қолданып жүрмін. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Ол бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз- сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау.

Ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Басты мақсаты оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. [3,103б]

Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға атсалысатын бірден-бір тиімді бағдарлама деп есептеймін.

Орта және қысқа мерзімді сабақтар топтамасын құруды мен курста оқып жатқанда үйрендім, бұл біз үшін қолайлы, тиімді және нәтижелі екендігін білдім. Жеті модульді кіріктіріп құрған сабақ жоспарымда, мен өзімнің сабағымда оқушылардың бойында кішкіне болса да өзгеріс байқалғанын сездім. Себебі, сабақтың мақсатын құрғанда біз оқушыға бағыттап қоямыз, сол мақсат арқылы бір нәтижеге жететіндігін білемін.

Әрбір сабаққа жоспар құрар алдында алдымен ойланып аламын: « Менің оқушыларым не істей алады?»-деп. Сабақ жоспарын оқушылардың өз беттерімен меңгеруіне ыңғайлы етіп және олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрамын.

Сын тұрғысынан ойлау- сынау емес, шындалған ойлау. Оқушылардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі

бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылығын ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Сыни тұрғыдан ойлау әдісі бойынша жоспарланған сабаққа қалған модульдерді еркін енгізуге болады деп есептеймін. Әрине, ол үлкен жұмыс, көп ізденісте жүру керек, әріптестерден кеңес алып, олардың ойын білу керек деп ойламын. Өйткені, бір сабақтың ішінде жеті модульді барлығын ықпалдастыра аламын ба? барлық модульді бір мезетте қолдана аламын ба? Оқушылар қалай қабылдайды? тапсырмаларды не мақсатпен беремін? деген сұрақтар туындай бастайды. Себебі, өзімің ойымда бұл сұрақтардың туындауы, біріншіден сабаққа құрылған тапсырмалар жеті модульдің барлық түрін қамтымасамда, бір модульді ала отырып берілген тапсырманы құрып, басқа қандай модульмен үйлесіп тұрғанын білуім керек болды.

Өз тәжірибеммен бөлісер болсам, 7 сыныпта «Зергерлік бұйымдар» тақырыбына сабақ өткіздім. Сабақта жүргізілген жұмыс түрлері төмендегідей:

- 1.«Топтастыру» стратегиясы арықшылы сұрақ қойған кезде оқушылар зергерлік бұйымдар туралы өз ойындағысын, өзінің білетінін топтады.
2. «Кубизм» стратегиясы аясында оқушылар сұраққа жауап бергенде «зергерлік» пен « өөл өнер» ұғымды жан – жақты, әр қырынан салыстырып, анықтады.
- 3.«Рөлдік ойыны» барысында бір - біріне сұрақ қою арқылы тілдері жаттығып, образдарда ойнауға үйренді.
4. «Венн диаграмма» бойынша сұрақтарға топтар екі жаңа ұғымды салыстырды, екі ұғымның ортақ қасиетін таба алды.
- 5.«Ыстық орындық» тәсілі аясында оқушылар бір - біріне сұрақ қою арқылы тақырыпты жан - жақты қарастырып, сыни тұрғыдан ойланып жауап берді. Сабақты «ой қозғау» әдсімен бастадым. Оқушыларға интербелсенді тақтадан зергерлік бұйымдар және әшекей бұйымдар суреттерін көрсете отыры деп екі топқа бөлдім. Топтық жұмыстың мақсаты, ынтымақтастықта жұмыс жасау, жауапкершілікті сезіну, оқушылар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу, топ ішінде бір-бірін тыңдай білу, және сыни тұрғысынан ойлану арқылы жаңа тақырыпты толықтай түсіну, сонымен қатар, әр оқушы өзінің ойын айтуға үлесін қоса алады. Әр топқа өз топ аттарына байланысты постер жасап қорғау тапсырмасы берілді. (1 суретте) оқушылардың постер жасау үстіндегі көрініс.



1 сурет

Бұл тапсырманы СТО модулін «диалогтық оқыту», «оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту», «формативті бағалау», «көшбасшылық» модульдерімен байланыстыры отырып құрдым. Оның мақсаты, топтық жұмыста оқушылар сыни ойлану арқылы бір-бірінің ойын тыңдап, өздерінің ойын еркін жеткізуге тырысады. Әр топ формативті бағалау арқылы бір-бірін бағалады. [3,112б]

Жазған постерлерін дұрыс қорғады ма? жоқ па? деген сұрақтар да топ арасында туындады. Бір-бірлерінің жасаған постерлеріне келіспей жатқан жағдайлар да болды, сұрақтарда туындады. Сонымен қатар, топтар арасында көшбасшының рөлі байқалды, яғни, ол тобын басқара алды және қаншалықты көмек көрсете алғанын байқадым.

Оқушының өзін-өзі бағалауын ұйымдастырдым. Себебі оқушылардың жауапкершіліктерін арттырумен қатар, өзін-өзі бағалаулары үшін де тиімді болмақ деп ойладым. Оқушыларымыз мұғалімнің бағалауына әбден үйреніп қалған. Бағаны не үшін алды, келесі де жақсы баға алу үшін не істеу керек деген талдау жүргізілмегендіктен, оқушылар үнсіз кете беретін. Ал, жаңаша оқыту әдісінде оқушыларды бағалауға көбірек көңіл бөлуге тырыстым. Себебі, бала алдымен өзіне-өзі баға беріп үйренуі керек. Алдымен «Өзін-өзі бағалау» парақшасын жүргіздім. Сыныптағы 10 оқушының бесеуі ғана өзін-өзі жоғары бағалайтыны, өзіне сенімді екені анықталды. Оларды психологиялық тұрғыдан дайындадым. Сыныпқа көп уақытымды арнадым. Ал сабақтарда оқушылар өзін-өзі

бағалауда қиналғандары байқалды. Менің қуанытқаны олар өздері туралы көп ойланды. Өзін-өзі реттеу әдісі оқушылардың өздері топтық ереже құрып, оны бұзбауға әрекет еткендерінен, белсенділіктерінен, сабақтан жиі қалатын оқушының да мектепке тартылғанынан, «үнсіз» оқушының сөйлегенінен, топтағы өздерінің рөлдерін жауапкершілікпен орындағанынан көрініп жатты. Сонымен (2 суретте) «Зергерлер» тобының «шеберлер» тобын «бас бармақ» көрсету арқылы бағалау үстінде. Сонымен қатар оқушылар сабақта формативті бағалау әдістерін бірнеше түрін қолданды. Мысалы: «бағдаршам», «шапалақтау», «смайликтер», «көршіңді тексер!» т.б.



Менің тағыда айтайын деген ойым, егер мұғалім берген тапсырмасы немесе жаттығуы, біріншіден тақырыпқа сай болуы керек және берілген тапсырмаларын жеті модульмен ықпалдастырып жазса оқушылардан өте тиімді және нәтижелі жауап көре алады. Екіншіден, оқушылардың бойында сабаққа деген қызығушылығы пайда болады. Өйткені, өзімнің өткізіп жүрген сабағымнан білемін.

Мағжан Жұмабаев айтқандай «Жақсы оқитын баланы мадақтама, мақтама өр көкірек болады, нашар оқитын баланың еңсесін түсірме» ол ақынның пікіріне келісе отырып, сабақта әр оқушының ойын, жауабын құптап, қате немесе толық емес ойларын жеткізуге Мерсердің «бастапқы жауап кейінгі әрекет» оның ішінен көбінесе түрткі, қайта бағытталған сұрақтарды қоямын. Үшіншіден, сабақтың жоспарына жеті модульді енгізе отырып, өткізілген әр сабағым оқушының жүрегіне жол таба білді деп ойлаймын. [2,256]

«Ой шақыру» кезеңінің басты міндеті – алдағы жұмыстарға оқушылардың қызығушылығын ояту, дайындау. Ой шақыру кезіндегі жұмыстардың негізгі тәсілдері мен стратегиялары болады. Қай тәсіл болса да, ол тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталады. Сабақтарымда түрлі суреттер, ұлы адамның сөзімен, ойландыратын тұжырымдамаларды, мақал – мәтелдерді пайдалана отырып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырып отырамын. Сабақта берілген тақырыпты алдымен жеке, содан кейін жұпта, ұжымда талқылап жұмыс жасайды.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының басты ерекшеліктері мен қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарындағы қолданылу жолдарына тоқталмақпын.

Алдымен, бұрыннан өткізіп жүрген дәстүрлі сабақтар. Мен қазіргі жаңа оқыту технологиясы негізінде өткізілген сабақтарды салыстыра отырып, төмендегі артықшылықтарды байқадым. Дәстүрлі сабақтағы мұғалімнің әдістері:

1. Жаңа тақырыпты түсіндіреді.
2. Кейіпкерлер туралы немесе қазақ тілі бойынша ережелерді түсіндіреді.
3. Олар баға үшін емес, өз ойын айтуға үлесін қоса алады;
4. Шығарма жазуды тапсырады.
5. Мұғалім көп сөйлеп, оқушы аз сөйлейді.

«Сыни тұрғыдан ойлау» әдісі бойынша өткізілген сабақтар үрдісіндегі өзгерістермен нәтижелері:

1. Жаңа тақырып бойынша оқушы іздене отырып меңгереді. Мазмұнын айтып береді.
2. Кейіпкерлерге мінездеме береді, қазақ тілі бойынша ережені айтады, жаттығу орындайды.
3. Өз-өздерін бағалау парақтары арқылы бағалай алады;
4. Жаңа тақырып бойынша Венн диаграмма жасайды.
5. Сыни тұрғысынан ойлана отырып ой қорытып, тұжырымдама жасап, оны қағаз бетіне түсіреді. Постер қорғайды.
6. Мұғалім аз сөйлеп, оқушы өз ойын еркін жеткізеді

Курсттық бағдарламаны оқып бітіргеннен кейінгі өз бойымдағы артықшылықтарым:

1. Орта мерзімді бағдарламаға сай және қазақ тілінің әр бір бөліміне құрай аламын;
2. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын күнделікті түрде жазамын.
3. Сабақтың жоспарын жеті модульді бір-біріне ықпалдастырып енгіземін;

4. Оқушылардың жас ерешеліктеріне сәйкес тапсырма дайындай аламын;
5. Жаңа Бағдарлама бойынша қойылған сұрақтарға ешбір кедергісіз жауап беруге тырысамын. Өзімнің ойымда еркін жеткізе аламын.

Шын мәнінде, бұрынғы өткізген дәстүрлі сабақтарымды және бүгінгі жаңа сабағыма жеті модульді бір-біріне ықпалдастырып, өткізген сабағымды салыстыратын болсам, әрине, жер мен көктей болады. Артықшылығы көп. Әйтсе де, өзімді жаңашыл мұғалім ретінде қалыптасуыма әлі де көп еңбектену керек.

Мен екінші (негізгі) деңгейлік курсынан Бағдарламның жеті модулін жақсы түсіндім. Оның бізге қаншалықты керек екендігін де біліп, өз тәжірибемде көріп жатырмын. Сабақ берген тренерім «Жеті модульді, өздерінің жеті аталарын сияқты жаттандар»- деп айтушы еді, бекер айтпаған сияқты. Себебі, жоспарлаған әр сабақтың өзіне және оқушыға ұтымды және тиімді, пайдалы болу үшін жеті модульдің тиімділігі аса зор, артықшылығы мол екенін толықтай айта аламын.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабағында мен үшін жеті модульді енгізу өте тиімді. Себебі, біріншіден, оқушылардың қалай оқитынын, атап айтқанда оқушыларға үміт арту және білімділік жетістіктеріне үлес қосуыма тиімді болады. Екіншіден, әріптестеріммен кеңес жүргізудің ең маңызды екендігін білдім. Үшіншіден, жаңа әдіс-тәсілдерді сабақта ұтымды пайдалануды білуім керек деп ойлаймын. Біліктілік пен шеберлігімізді ұштастырып, жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани биікке көтеру менің міндетім.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық (негізгі) деңгей.
2. Қазақ тілі мен әдебиет журналдары.
3. С. Мирсейтова «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы» - 1998ж.

Камешова Сауле Сериковна
магистр естественных наук, преподаватель
Костанайского государственного
университета им. А. Байтұрсынова
г. Костанай

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ У СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВУЗОВ

АННОТАЦИЯ

Мақалада педагогикалық ЖООда студенттерде ақпараттық құзыреттіліктер құрастырулар ерекшеліктері қаралып жатыр. Білім мақсаттарының бірі ақпараттық құзыреттіліктерді құрастыру болып келеді, бірақ, сол уақытта, үйрену процесстерін атқаратын құрал.

Түйінді сөздер: ақпараттық құзыреттілік, құрастыру, кәсіби қызмет, ақпараттық қор.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются особенности формирования информационной компетентности у студентов педагогических вузов. Формирование информационной компетентности является одной из целей образования, но, в то же время, это ведущее средство процесса обучения.

Ключевые слова: информационная компетентность, формирование, профессиональная деятельность, информационный ресурс.

ABSTRACT

In the article features of formation of information competence of students of pedagogical universities. Formation of information competence is one of the purposes of education, but at the same time, it means leading the learning process.

Keywords: information competence, formation, professional activity, information resource.